

**Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебінде  
2023-2024 оқу жылында жүргізілетін Lesson Study  
іс-әрекетті зерттеу тобының жұмыс жоспарының есебі.**

**«Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебі» 2023-2024 оқу жылында жүргізілген Lesson Study іс-әрекетті зерттеу тобының жұмыс жоспарына сәйкес өткізілді.**

Оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнен өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыру талап етеді. Ол мұғалімнің кәсіптік құзыреттілігімен тікелей байланысты. Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - оның жан-жақты білімінен, ұстаздық шеберлігімен, оқытудың жаңа әдістерін меңгеруімен және сол әдістерді тиімде пайдалануымен өлшенеді. Әрбір оқу пәні бойынша білім, білік, дағдыны ғана игеру оқушы құзыреттілігі үшін жеткіліксіз болып отыр.

Бүгінгі мұғалімнің жетістігін оқушыларға өзінің берген білімі мен біліктерін үйретумен бағалап қоймайды, сонымен бірге ол өсіп келе жатқан ұрпақты жаңа белгісіз жағдайда әрекет етуіне, олардың өз бетіндік әрекеті мен шығармашылығын дамытуға, қоғам өміріне белсене қатысу үшін ақпаратты өз бетінше табу, талдау, құрылымдау мен тиімді пайдалану икемділіктерін қалыптастыруға қаншалықты тиімді жағдай жасағандығымен бағалайды. Оқыту туралы сындарлы түсінік оқушыға нақты білім беруді мақсат тұтқан мұғалімнің өз сабақтарын оқушының идеясы мен білім-біліктілігін дамытуға ықпал ететін міндеттерге сай ұйымдастыруын талап етеді. (Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. Үшінші басылым. Астана, 2012)

Мұғалімнің кәсіби білімін жетілдірудің ең бір тиімді әдісі бұл Lesson Study. Lesson Study - мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Lesson Study – ге жоспарлау, оқыту, қадағалау, оқыту мен оқуды талдау, өз қорытындыларын тұжырымдап, құжаттарды бірлесіп жүзеге асыратын мұғалімдер тобы қатысады. Lesson Study -дің циклін өткізген соң мұғалімдер педагогикалық тәсілдерді түрлендіріп немесе жетілдіріп, кейіннен ашық Lesson study , таныстырылым өткізу, баспада жариялау арқылы әріптестеріне таратады. Мектеп мұғалімдері іс-шара атауы және де іс-шара мазмұнымен танысып, пікірлерін ортаға салып, «Lesson Study» зерттеу тобын құрды. Іс-шара мазмұнын, атауын, жауаптылар, мерзімін анықтады. Сабақты зерттеу жұмысын ұйымдастыру. Зерттеу тобының мәліметтері. Зерттелетін сыныптарды анықтап, зерттеу сабақтарын жоспарлау, өткізу, талқылау туралы өз пікірлерін ортаға салды.

### **Мақсаты:**

Мұғалімдер әр сабақты жаңаша жоспарлау, білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер, білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау туралы мәлімет алу. Сын тұрғысынан ойлау технологиясын сабақта қолдану.

Оқушыларды топпен жұмыс істеуге дағдыланадыландыру.

Сынып ахуалын қалыптастырып, ынтымақтастық орнату.

Оқушылардың сабақтарда тілдік қорларын арттыруда, өздігінен білім алуды үйрену мақсатында диалог әңгіменің түрлерін енгізу. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстарын қалыптастыру «Lesson-Study»

### **Бастауыш әдістеме бірлестігі.**

4.12.2023 жылы бастауыш сынып мұғалімі Рахимжанова Жанаргүл Болатожаевна « **Шамалардың мәндерін қосу және азайту** » тақырыбындағы 2-сыныптағы зерттеу сабағына қатыстым. Жоғарғы деңгейіндегі А оқушы ретінде осы сыныптағы Сейділда Ерасылды таңдалып алынды.

Сабақты зерттеу мақсатым А оқушының сабаққа деген ынтасын, алгоритмдік ойлау деңгейін, сөйлеу дағдыларын, топтық жұмыстағы іс – әрекеті, өз –өзіне сенімді, АКТ-сымен жұмыс істеу дағдыларын анықтау болды.

Сабаққа қызығушылығы және белсенділігі зерттеу сабағының бірінші сабағындағы А оқушының іс әрекетін бақылап отырдым. А оқушы тапсырма орындауда жылдам және дұрыс орындады. Еркін мұғаліммен диалогке түсе алды. Сұрақтарға жауап беруде қиналмады, кей жағдайда асығыстықпен ойын толық жеткізе алмады. Бірақта сабақты түсінгенін орындаған тапсырмаларынан көруге болады. А оқушының сабаққа деген қызығушылығы және ынтасы жақсы. Тапсырма көбірек болғанды және қызықты әдіс тәсілдің сабақта жиі болғанын ұнатады. Тапсырма орындағанда еш қиналмайтынын байқадым. А оқушы бұл тақырыпта еш қиналмастан программа құруды еркін меңгерді. Сабақ барысын да логикасын дамытатын, жүйелі тапсырма беру ұсынылады.

12.12.2023 жылы «**Сандар жиынын құру және жіктеу** » Екінші сабақ кезең бойынша А оқушыдан төмендегідей іс әрекетін байқалды:

Үй тапсырмасын тексеру барысындағы сұрақтарға толық жауап бере алды. Алдыңғы сабақта топтық жұмыста топ мүшелерімен қарым қатынасқа түсе алмаған еді, осы сабақта топ басшылық қызметін және топ мүшелеріне көмек көрсетіп отырды.

Кері байланыс кезінде өз ойын еркін жеткізе алды. Бірінші сабақпен салыстырсам А оқушыда топпен жұмыс жасағанын, көмек бергенін байқадым. Осы пәнаралық байланысты негізге ала отырып, А оқушыдан жақсы нәтиже күтілді: Мәліметтер типтерін еркін меңгере алды, оған себеп биология сабағында қабілетің және алған білімін зерттеу сабағында қолдана алғандығы. Алгоритмдік ойлау дағдысының дамығаны осы сабақта нақты көрінді.

19.12.2023 жылы «**Ақиқат және жалған пікірлер**» тақырып бойынша үшінші сабақ өткізілді.

Үшінші сабақ кезінде түсіндіру, сұрақ-жауап (диалогтік оқыту), ауызша, жазбаша жұмыстар, түсіндіру, бақылау (оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау) әдіс-тәсілдерін қолданды. Негізінен сабақ барысындағы жеке тапсырмалар орындау барысында талқылау, білімді бірлесіп құру, түсіну мен дағдыларды қалыптастыру арқылы білім алды. Сабақтың әр кезеңінде оқушыларға сұрақтар қою арқылы, тақырып бойынша өз ойларын айтуға мүмкіндік берілді. Өзара талқылау арқылы, түрлі ойлардың болатындығын, бір - бірінің түсінуіне көмектесетінін көрсетті. А оқушы-дарынды, сабаққа жақсы ықыласпен, жаңа білім аламын деп әрқашан да ынталанып отырады. Өзіндік бағалауы жақсы, нақты ойлау қабілеті жоғары. Топ мүшелеріне көмек бере алды. Сабаққа қызығушылығы артты.

Қорыта келгенде, А деңгейіндегі оқушының тапсырмаға деген ынтасы өте жақсы, кез келген уақытта өзін сенімді сезінеді. Әр кез алдыңғы орында, шапшаң жылдам қозғалады, достарымен жақсы тіл табысады.

04.12.2023 жылы бастауыш сынып мұғалімі Рахимжанова Жанаргуль Болатқожаевна 2 сыныпта «**Шамалардың мәндерін қосу және азайту**» зерттеу сабағына қатыстым. В оқушысы (А.А.) зерттелді.

Сабақты зерттеу мақсатым: В оқушының сабаққа деген ынтасын, алгоритмдік ойлау деңгейін, сөйлеу дағдыларын, топтық жұмыстағы іс – әрекеті, өз –өзіне сенімді, тапсырмалармен жұмыс істеу дағдыларын анықтау болды.

Сабаққа қызығушылығы және белсенділігі зерттеу сабағының бірінші сабағындағы В деңгейдегі оқушының іс- әрекетін бақылап отырдым. Оқушы тапсырма орындауда асықпайды. Тақырып бойынша түсінгенін жазғанымен, тақырыпты аша алмады. Бірақта сабақты түсінгенін орындаған тапсырмаларынан көруге болады. Бірінші сабақтан байқағаным: В оқушының сабаққа деген қызығушылығы және ынтасы орташа. Сабақта үлгерімі жақсы, бірақ жауапкершілігі төмен, белсенділік танытпайды, тек сұрағанда ғана жауап беретін оқушы. Шамалардың мәндерін қосу, азайту амалдарын кателесіп орындайды. Оқушыға жеке қолдау көрсету қажет.

12.12.2023 жылы «Сандар жиынын құру және жіктеу.» Екінші сабақ кезең бойынша В оқушыдан төмендегідей іс-әрекеттер байқалды.:

Үй тапсырмасын орындамаған. Алдыңғы сабақта сұрақтарға толық жауап бере алмаған. Тақырып бойынша берілген сұрақтарға дұрыс мағынада жауап берді. Топтық жұмысты қорғауға қатыспады. Сыныптастарының пікірін толықтыра білмеді. Өз ойымен бөліседі.

19.12.2023 жылы «Ақиқат және жалған пікірлер» тақырып бойынша үшінші сабақ өткізілді. Үшінші сабақ кезінде түсіндіру, сұрақ-жауап (кері байланыс), ауызша, жазбаша жұмыстар, белсенді әрекетті дамыту үшін, түсіндіру (ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану), бақылау (оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау) әдіс-тәсілдерін қолданды.

Бұл сабақта В оқушы жауапкершілікті сезініп, белсенді қатысып, өз ойын айтатын болды. Белсенділік пайда болып, ойын қысылмай еркін айтуға үйренді. Оқушы алған білімін саралай білді.

Бастауыш сыныпта математика пәнінен зерттеу сабағын жүргізген Рахимжанова Жанаргул Болатқожаевна .

Сыныбы:2

Күні :04.12.2023

Сабақ тақырыбы: Шамалардың мәндерін қосу және азайту.

Зерттейтін С деңгейдегі 2 сыныпта оқитын Абишева Айсана таңдалып алынды . Зерттеу барысындағы мақсатым топтағы оқу сапасын арттыру үшін белгілі бір әдіс тәсілдер арқылы қалай дамытуға болатынын анықтау мақсатында бастады.

Сабақта «Су-ли-фа» әдісі арқылы топтық тапсырма, «Ойнай отырып ойла» әдісі, «Сұрақ-жауап» , «Кім жылдам» әдісі және «Триггер» әдісі арқылы тапсырмаларды қолданды.

Сабақтың әр кезеңіндегі іс әрекеттерін бақылау қағазына түрте отырып, білім алушының сабақты меңгеру кезіндегі қиындықтарды аңғарды. Таңдалған әдістердің басымы С деңгейдегі оқушының ерекшелігіне сай келмеді. Топпен, жұппен жұмыс істеуде С деңгейдегі оқушы өзін нашар көрсетті. Өзін алаңғаларлық ұстап тақырыпты түсіне алмады. Алдағы уақытта тақырып мақсатына жету үшін С деңгейіне байланысты дұрыс таңдап, тапсырмаларды құрастыру барысында өте мұқият болу керек деп болжам жасадым. С деңгейіндегі оқушы бойында сенімділік жоқ. Сенімділікті қалыптастыру үшін өзіне жеке көңіл бөлуді қажеттілік танытты және арнайы тапсырма ойластыру керектігі де айтылды. Келесі тізбектелген сабақта не істеу керек? Тығырықтан қалай шығуға болады? деген сұрақтар туындады. Әр мүше өз ойымен бөлісіп, келесі сабақтың жоспарын өзгертуге ұсыныс бердім. Оқушының оқу мотивациясын көтеру үшін ұтымды әдіс ойластырып, тапсырмалар құрастыру керек деген ұсыныста да болды.

Зерттеу сабағының №1 цикіліне талдау жүргізіп, бақылаудағы оқушының іс-әрекеті талданып, сәтсіз тұстарын анықталды, сәтсіз тұстарын ашып талдау жүргізілді. Әрине, мұнда «оқушы үні» ескерілді. Пән мұғалімінің бұрынғы тәжірибесінде сабақ жоспарын құруда, сабақты зерттеуде, проблемаларды бірігіп шешу деген болмаған еді. Ал Лессон Стади тәжірибе алмасудың оңтайлы әдісі екені анық көрінді. Келесі сабақтарда сабақ жоспарына өзгерістер енгізуге ұсыныстар бере отырып, оқушы қажеттілігі қамтылса бір саты болса да ілгері жылжиды деген ойдамын.

12.12.2023 күнгі Lesson Study №2 сабақта математика пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі С деңгейіндегі оқушыны талдау есебі.

Сабақтың тақырыбы: Сандар жиынын құру және жіктеу.

Сабақ барысында сұрақ жауап әдісінде С деңгейдегі оқушы дұрыс тыңдап ойын жинақтауға тырысты. Алдыңғы сабақта ойын жинақтай алмай алаңғасарлық танытқан еді. Бірақ кері байланыс кезінде сұрақтарға жауап бере алмады. Бірақ ұсыныс ретінде С деңгейдегі оқушы өзіне ерекше көңіл бөлуді қажет екендігін көрсетті.

19.04.2023 ж. күнгі Lesson Study №3 сабақта математика пәнінен өткен зерттеу сабағы кезіндегі С деңгейіндегі оқушыны талдау есебім.

Сабақтың тақырыбы: Ақиқат және жалған пікірлер.

Үшінші сабақ барысында саралау әдісінде өзіне ерекше назар аударуды қажеттілігі көрініп, С деңгейдегі оқушы қолдауды сезініп сұрақтарға жауап бермесе де, топқа көмектесе алмаса да ұжыммен бірге жұптасуға ат салыса бастады.

Қорыта келгенде С деңгейдегі оқушы топтық жұмыс барысында өзіне деген сенімділікті арттыру үшін өзіне жеке назар аударуды қажет етеді. Сыныпта жалпы жақсы қарым -қатынаста, тек оқуға талпынысы төмен.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Б.М.Кусманова

